

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік  
Қазақстан педагогикалық университеті  
№6 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері

Шымкент қаласы

29.12.2025 ж.

**1. Жоғары білімді интернационалдандыру мен академиялық  
ұтқырлық жұмыстарының барысы: нәтижелер мен жоспарлар туралы**

**Шешім:**

1. Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу белсенділігін арттыру жұмыстары күшейтілсін. *Мерзімі: қаңтар-маусым, 2026 ж. Жауапты: География, Химия, Физика, Информатика, Орыс тілі мен әдебиеті, Шетел тілдері және аударма ісі, Қазақ тілі мен әдебиеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері, Музыкалық білім, Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, Педагогика, Психология, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрларының меңгерушілері, Академиялық ұтқырлық бөлімі.*

2. Профессор-оқытушылар құрамының сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу деңгейі артырылсын. *Мерзімі: ақпан-қараша, 2026 ж. Жауапты: Математика, Физика, Информатика, Биология, Орыс тілі мен әдебиеті, Шетел тілдері және аударма ісі, Қазақ тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Музыкалық білім, Бастауышта оқыту әдістемесі, Педагогика, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрларының меңгерушілері, Академиялық ұтқырлық бөлімі.*

3. Университеттің стратегиялық серіктестерімен байланыстарын нығайту, бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстары ілгерілетілсін. *Мерзімі: ақпан-сәуір, 2026 ж. Жауапты: Халықаралық ынтымақтастық және мониторинг бөлімі, Халықаралық бағдарламалар бөлімі, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*

4. Университет ОПК жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ОПК үлесін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілсін. *Мерзімі: тамыз, 2026 ж. Жауапты: кафедра меңгерушілері.*

5. Халықаралық гранттық жобаларға қатысу белсенділігін арттыру жауапкершілікпен іске асырылсын. *Мерзімі: қаңтар-маусым, 2026 ж. Жауапты: кафедра меңгерушілері, Халықаралық бағдарламалар бөлімі.*

6. Шетелдік сарапшылар мен профессорлар-оқытушыларды оқытушылық қызметке тарту көрсеткіші арттыру қолға алынсын. *Мерзімі: қаңтар-маусым, 2026 ж. Жауапты: Академиялық ұтқырлық бөлімі, кафедра меңгерушілері.*

7. ЖОО-дағы шетелдік білім алушылардың (талапкерлердің) санын арттыру бағытындағы іс-шаралар жүйелі жүргізіліп, кәсіби бағдар ұйымдастыру аясында алыс және жақын шетелдерді қамту жолдары қарастырылсын. *Мерзімі: қаңтар-тамыз, 2026 ж. Жауапты: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, маркетинг бөлімі.*

8. Университеттің білім беру бағдарламаларының жалпы санынан пәндік рейтингінің топ қатарына енген білім беру бағдарламалары үлесін арттыру бойынша жұмыстар атқарылсын. *Мерзімі: қаңтар-тамыз, 2026 ж. Жауапты: кафедра меңгерушілері.*

9. Ұлттық пәндік рейтингтердің ТОП-10-на кірген білім беру бағдарламаларының үлесін арттыру бағытындағы іс-шаралар жүргізілсін. *Мерзімі: қаңтар-тамыз, 2026 ж. Жауапты: кафедра меңгерушілері.*

10. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

## **2. Жаратылыстану факультетінің оқу, ғылым, тәрбие жұмыстарының стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалу барысы**

### **Шешім:**

1. Жаппай ашық онлайн курстары саны мен сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілсін. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: кафедра меңгерушілері.*

2. Бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткішін жоғарылату бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыру күшейтілсін. *Орындалу мерзімі: тұрақты түрде. Жауапты: факультет деканы, кафедра меңгерушілері, «Talent ангрейд» орталығы.*

3. ОПК мен студенттердің сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу жұмыстары күшейтілсін. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: Академиялық ұтқырлық бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*

4. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен визитинг профессор-оқытушыларды шақыру жұмыстары жандандырылсын. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: Академиялық ұтқырлық бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*

5. QS рейтингінің TOP-700 қатарына кіретін ЖОО-лармен халықаралық ғылыми жобалар мен қосдипломды бағдарламаларды іске асыру жұмыстары жүргізілсін. *Мерзімі: 2026-2027 оқу жылы. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, Халықаралық бағдарламалар бөлімі.*

6. География кафедрасының ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында ғылыми дәрежесі бар оқытушыларды жұмысқа тарту жүзеге асырылсын. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: кафедра меңгерушісі.*

7. Кафедра филиалдары мен тірек мектептермен жұмыс жасаудың форматы жаңартылып, соған сәйкес әдістемелік нұсқаулықтар әзірленіп, қолданысқа енгізілсін. *Орындалу мерзімі: 2026 ж. Жауапты: факультет деканы, кафедра меңгерушілері, «Talent ангрейд» орталығы.*

8. Химия кафедрасында ұлттық пәндік рейтингтердің ТОП-10-на кірген білім беру бағдарламаларының үлесін арттыру бағытындағы іс-шаралар қолға алынсын. *Мерзімі: қаңтар-тамыз, 2026 ж. Жауапты: кафедра меңгерушілері.*

9. Шешімдердің жүзеге асуын қадағалау сала проректорларына жүктелсін.

### **3. Өнер және білім факультетінің стратегиялық жоспарының орындалуы мен алдағы міндеттері туралы**

#### **Шешім:**

1. 2025 жылы оқу бітірген түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткішін жоғарылату бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыру күшейтілсін. *Орындалу мерзімі: тұрақты түрде. Жауапты: факультет деканы, кафедра меңгерушілері, «Talant ангрейд» орталығы.*

2. Профессор-оқытушылар құрамының Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) мәліметтер базасындағы индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдар мен ҚР ҒЖБМ Комитеті ұсынған тізбедегі отандық басылымдарға мақалалар жариялау көрсеткіші арттырылсын. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: факультет деканы, кафедра меңгерушілері.*

3. ERASMUS+, HORIZON халықаралақ жобаларына, ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру мен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына, стартап, оның ішінде бастамалық (инициативалық) жобаларға қатысу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: ғылыми-зерттеулер офисі, академиялық артықшылық орталығы, кафедра меңгерушілері.*

4. Әр кафедраға оқу жылына бір ББ-ға сәйкес жаппай ашық онлайн курс әзірлеу міндеттелсін. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: кафедра меңгерушілері.*

5. ОПК мен студенттерді ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатыстыру жұмыстары күшейтілсін. *Мерзімі: 2026 жыл. Жауапты: Академиялық ұтқырлық бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*

6. QS рейтингінің TOP-700 қатарына кіретін ЖОО-лармен халықаралық ғылыми жобалар мен қосдипломды бағдарламаларды іске асыру жұмыстары жүргізілсін. *Мерзімі: 2026-2027 оқу жылы. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, Халықаралық бағдарламалар бөлімі.*

7. Білім алушыларды волонтерлік және әлеуметтік жобаларға көптеп тарту мен ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге қолдау көрсету деңгейі арттырылсын. *Мерзімі: тұрақты түрде. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, жастармен жұмыс бөлімі.*

8. Шешімдердің жүзеге асуын қадағалау сала проректорларына жүктелсін.

### **4. Әртүрлі мәселелер**

**4.1 Докторанттардың докторлық диссертацияларының тақырыптарын бекіту және докторанттардың ғылыми кеңесшілеріне, магистранттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне ішінара өзгеріс енгізу туралы**

#### **Шешім:**

4.1.1 1-курс докторанттарының диссертациялық тақырыптары бекітілсін.

4.1.2 Докторанттардың шетелдік кеңесшілеріне қосымшаға сәйкес өзгеріс енгізілсін.

Докторанттың аты-жөні	Алдыңғы шетелдік ғылыми жетекшінің аты-жөні, мемлекеті	Өзгертуге ұсынылған шетелдік ғылыми жетекшінің аты-жөні, мемлекеті
<b>8D01501 - Математика педагогін даярлау</b>		
Карабаева Жайна Амантаевна	Prof. Dr. Ahmet Arıkan Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті	Prof. Dr. Mine Aktaş Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті
Жубаналиева Лаура Узакбаевна	Prof. Dr. Selami Ercan Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті	Prof. Dr. Mine Aktaş Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті
Нұрабай Мадина Жанарысқызы	Prof. Dr. Ahmet Arıkan Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті	Prof. Dr. Mine Aktaş Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті
Ойсыллова Эльмира Пасановна	Prof. Dr. Selami Ercan Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті	Prof. Dr. Mine Aktaş Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті

4.1.3 7M01601 – Тарих педагогін даярлау ББ бойынша штаттық жүктеменің өзгеруіне байланысты келесі магистранттардың ғылыми жетекшілеріне өзгеріс енгізілсін:

<b>7M01601 – Тарих педагогін даярлау, M1601-15 оқу тобы</b>			
к/с	Магистранттың аты-жөні	Алдыңғы ғылыми жетекші	Кейінгі ғылыми жетекші
1	Әлібекұлы Мұхаммедәли	Мамраймов С.Д. – т.ғ.к., доцент	Сугирбаева Г.Д. – т.ғ.к., доцент
2	Батешова Балзира Кайыргалиевна	Мамраймов С.Д. – т.ғ.к., доцент	Сугирбаева Г.Д. – т.ғ.к., доцент
3	Жоланов Өмірбек Күнтуғанұлы	Мамраймов С.Д. – т.ғ.к., доцент	Сугирбаева Г.Д. – т.ғ.к., доцент

4.1.4 Магистранттардың магистрлік диссертация тақырыптарына келесі өзгеріс енгізілсін:

№	Магистранттың аты-жөні	Ғылыми жетекшінің аты-жөні	Алдыңғы магистрлік диссертация тақырыбы	Өзгертуге ұсынылған магистрлік диссертация тақырыбы
<b>7M01601 – Тарих педагогін даярлау, M1601-15 оқу тобы</b>				
1	Еркінбек Саяжан Бақытжанқызы	Исабек Б.Қ. – т.ғ.к., профессор	Әлемдік педагогикалық тәжірибеде күнделікті өмір	Қазақстан мен Түркі мемлекеттерінің (1991-2025 жж.)

			<p>тарихын оқыту негіздері мен мүмкіндіктері.</p> <p>Основы и Связи возможности преподавания истории повседневности в мировой педагогической практике.</p> <p>Foundations and Opportunities of Teaching the History of Everyday Life in Global Pedagogical Practice.</p>	<p>байланысы және оны тарих пәнінде оқыту мәселелері.</p> <p>Связи Казахстана и тюркских государств в 1991–2025 годах и вопросы их изучения в преподавании истории.</p> <p>Relations between Kazakhstan and the Turkic States from 1991 to 2025 and the Issues of Teaching Them in History Education.</p>
2	Сүлеймен Ақбілек Нариманқызы	Найманбаев Б.Р. – т.ғ.к., профессор м.а.	<p>Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектеріндегі ұлттық тәрбие идеяларын Қазақстан тарихы сабақтарында қолдану.</p> <p>Применение идеи национального воспитания в трудах Жусипбека Аймауытова на уроках истории Казахстана</p> <p>Ideas of National Education in the Works of Zhusipbek Aimauthuly in History Lessons of Kazakhstan.</p>	<p>Ж.Аймауытұлы еңбектеріндегі ұлттық тәрбие идеяларын оқытудағы интерактивті әдістер.</p> <p>Интерактивные методы преподавания идей национального воспитания в трудах Ж. Аймауытулы.</p> <p>Interactive methods of teaching the ideas of national education in the works of Zh. Aymaulytuly.</p>

4.1.5 Төмендегі докторанттың докторлық диссертация тақырыбына өзгеріс енгізіліп, бекітілсін.

№	Докторант	Алдыңғы	докторлық	Өзгертуге	ұсынылған
---	-----------	---------	-----------	-----------	-----------

	тың аты-жөні	диссертация тақырыбы	докторлық тақырыбы	диссертация
<b>8D01601 – Тарих педагогін даярлау</b>				
1	Байдалиева Эльмира Асилхановна	Оңтүстік Қазақстандағы ұжымдастыру тарихын жоғары білім беру мекемелерінде оқытудың әдістемесі Методика преподавания истории коллективизации в Южном Казахстане в высших учебных заведениях Methods of Teaching the History of Collectivization in Southern Kazakhstan in Higher Education Institutions	Білім берудің заманауи моделдері арқылы болашақ тарих мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру (1928 жылғы Оңтүстік Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру материалдарында) Формирование исследовательской компетенции будущих учителей истории посредством современных моделей образования (на материалах насильственной коллективизации в Южном Казахстане 1928 года) Formation of research competence of future history teachers through modern educational models (based on materials from forced collectivization in Southern Kazakhstan in 1928)	

**4.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының 2025-2026 оқу жылында қысқы қабылдау бойынша академиялық күнтізбе, білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын бекіту туралы**

**Шешім:**

4.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының 2025-2026 оқу жылына (қысқы қабылдау бойынша) арналған академиялық күнтізбесі, докторантура және магистратура бойынша білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары бекітілсін.

**4.3 Биология кафедрасының доценті, б.ғ.к. Э.Б.Жаппарбергенованы профессор м.а. лауазымына ұсыну туралы**

**Шешім:**

4.4 Биология ғылымдарының кандидаты, доцент Э.Б.Жаппарбергенова Биология кафедрасының профессоры м.а. қызметіне ұсынылсын.

4.4 Физика кафедрасының меңгерушісі Б.Қ.Рахашевтан өтініш түсті. Онда Б.Қ.Рахашев, Д.Т.Бердалиев, Б.С.Уалиханованың «Электр және магнетизм»

атты оқу құралын Республикалық оқу-әдістемелік кеңес грифін алуға ұсыну туралы

**Шешім:**

4.4 Б.Қ.Рахашев, Д.Т.Бердалиев, Б.С.Уалиханованың «Электр және магнетизм» атты оқу құралы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес грифін алуға ұсынылсын.

**4.5 Тұл жетім білім алушыға оқу төлемақысынан жеңілдік беру туралы**

**Шешім:**

4.5 6B01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау ББ білім алушысы Тургынбай Жұлдыз Дауренқызына барлық оқу кезеңіне оқу төлемақысына 2025 жылдың 17 қарашасынан 100% жеңілдік берілсін.

**4.6 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 2025-2026 оқу жылының бекітілген академиялық күнтізбесіне ұзақтығы 10 апталық пән қарызы бар бітіруші курс білім алушыларына арналған қосымша академиялық күнтізбені талқылау және бекіту туралы**

**Шешім:**

4.6 2025-2026 оқу жылына арналған ұзақтығы 10 апталық пән қарызы бар бітіруші курс білім алушыларына арналған қосымша академиялық күнтізбесі бекітілсін.

**Ғалым хатшы**

**А.М.Байғұтова**